

**«Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» оқу-әдістемелік кеңесінің  
ХАТТАМАСЫ №2**

Өткен күні: 26.10.2021 ж.

Қатысқандар: 33

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Педагогикалық кадрларды даярлау мәселелері және оларды шешу жолдары  
*Баяндамашы: инновациялық білім бері факультетінің деканы А.Ө.Мұхамбетжанова*
2. Болашақ педагогтарды даярлаудың мазмұндық және құрылымдық компоненттері  
*Баяндамашы: Педагогика-лаборатория кафедрасының жетекшісі Ш.И.Джанзакова*
3. Әртүрлі мәселелер
  - 3.1 Университет профессор-оқытушы құрамының оқу, оқу-әдістемелік құралдарын 2021-2022 оқу жылы баспаға шығару жоспары.  
*Баяндамашы: Оқу-әдістемелік басылымдардың, оқулықтардың құралдардың сарапсын қамтамасыз ету жұмыс тобының жетекшісі*
  - 3.2 Университет бойынша біліктілікті арттыру курстарының бағдарламаларын бекіту
  - 3.3 «Білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тьюторлық сүйемелдеу» (Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы)
  - 3.4 «Конфликтология» (Менеджмент кафедрасы, Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасы).

Оқу-әдістемелік кеңестің отырысын кеңес төрағасы А.Е. Чукуров ашты. Бүгінгі күн тәртібінде қаралатын мәселелерді таныстыра отырып, баяндамашыларға сөз кезегін берді.

1-мәселе «Педагогикалық кадрларды даярлау мәселелері және оларды шешу жолдары» баяндамасымен инновациялық білім бері факультетінің деканы А.Ө.Мұхамбетжанова сөз алды.

- Егер бүгін біз балаларды кешегідей сқытсақ онда біз балаларды ертеңінен айырамыз, - деген философ-педагог Джон Дьюидің сөзімен бастады. Баяндамашы педагогикалық мамандарды дайындауда бірқатар жұмыстар жасалуда деп университеттер мен мектептер арасындағы байланысты жаңғырту, оқытудың белсенді әдістерін тиімді пайдалану, инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру, білім беру платформаларын қолдана білуі керек деді. Ақмарал Өтепбергенқызы өз баяндамасында педкадрларды даярлаудағы мәселелерді шешу жолдары деп, бірқатар ұсыныстар айтты. Педагогикалық кадрларды даярлау мәселелерін шешу жолдары: бәсекеге қабілетті педагог кадрларды даярлау үшін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде дуалды оқыту жүйесінің элементтері кеңінен енгізсе; ұлттық біліктіліктік тестілеудің шекті балтын игеруде талапты күшейтсе; «Бағалаудың өлшемдік технологиясы», «Кіріктірілген оқытудың практикумы» жаңартылған білім беру мазмұны бойынша практикалық сабақтарды тәжірибелі мамандар өткізсе; бакалавр деңгейінің 3+1 курстары теориялық білімді толықтай алып, соңғы курсың толықтай практикадан етуі жүзеге асырылса; педагогикалық мамандықтарға қабылдау процесіне талаптарды күшейтсе деп болашақтың педтүлегінің моделін көрсетіп, сөзін аяқтады.

Баяндамашыға сұрақтар қойылды. Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры м.ә., кеңес төрағасы А.Е. Чукуров сұрақ қойды:

- Бұл баяндамадан мәселе көре алмадым деді. Болашақ педагог даярлауда қандай проблема бар? Сол нақты айтылуы керек деп ойлаймын.



Жауап:

- Негізгі проблема педагогикалық пәндердің сағаттарымен қысқаруымен байланыстырамын, - деді.

Келесі сұрақты "Педагогикалық шеберлік орталығы" Атырау филиалының басшысы Унгарова Талаш Бурхановна қойды. Ол:

- Бұл – үлкен проблема. Қаралып отырған мәселе үлкен проблема. Атырау облысы, Сіздің университет облыстың педмаманының 70% дайындап келеді. Қазір мектепке келген жас мамандар сабақ мақсатын көрсете алмайды. Неге? Әдістемелік жағын жақсарту керек. Шеберлік нығайтылса деген ұсыныс айтқым келеді.
- Талаш Бурхановна, өте дұрыс айтып отырсыз, - деді Асхат Ералыұлы. Сұрағыңыз да орынды. Біз сіз айтқан ұсыныстарды ескереміз міндетті түрде. Пед маман дайындайтын білім беру бағдарламасын жақсартуымыз керек, әріптестер. Мектеп, білім беру басқармасы, университет арасындағы үштік байланыс мықты болуы керек. Аймаққа жұмыс жасайтын педкадр сапалы дайындалу керек, осы жөнінде ойланайық - деді А.Е.Чукуров.

Келесі сөзді сапа мониторингі кенесінің басшысы Кайшигулова Жанна Тілеуқызы алды.

- Университет әдістемесіне мектеп мұғалімдерін қосса деген ұсыныс айтты. Ұлттық біліктілік тестілеу қорытындысына анализ жасалды ма? Анализ жасалып, сол бойынша жұмыстар жасалу керек. Пән қосылар, білім беру бағдарламасы жаңғырар, бірақ талдау, бізде анализдер жүргізілмейді. Осы жұмысты күшейту керек, - деді. Қазір ашық сабаққа қатысып жатыр. Талдауы болып жатыр ма? Қандай нәтиже бар? Ұлттық біліктілік тестілеудің қорытындысы бойынша физика пәні бойынша ең төмен көрсеткіш көрсетуінің себебін "Физика және жалпы білім беру пәндері" кафедрасының профессоры Абыканова Бакытгуль Толыбекқызы жауап берді.

- Мектепте тек жалпы физика оқылады. Ал универде механикалық физика бір семестр болады. Оптика, астрономия оқылады. 4 түрлі физиканы 4 түрлі физик береді. Біз дайындаған балалардың тек 7і мықты болды, басқа балалар жалпы сабақта да әлсіз еді, ҰБТның әлсіз болуы сол болды.
- Әлсіз балаларды сүйремеңіз. Біздің әлсіз педкадрдың дайындаудағы жіберген қателігіміз осы, - деді Асхат Ералыұлы.

Келесі сөз кезегін әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор Қойшығұлова Ләйла Ерболатқызы алды.

- Бізде сапа неге төмен? ПШС, Өрлеуге барып келген оқытушыларымыздың жұмыстары бойынша мониторинг жоқ. Бізде жоба болу керек. Ғылыми жұмыс болуы керек. Критериялды бағалауды мектептен бұрын бастадық. Болон процесі бойынша қайда? Біз қазір методиканы қуып кеттік, ғылымды көтерейік деді.

Талаш Бурхановна:

- ПШО әдістемені оқытты. Қазір пәннің құзіреттілігін оқытып жатырмыз. ЖОО оқытушылары болашақ педагогтардың пәнге қызығушылығын арттыру керек деп ойлаймын. Сіздер пәннің құзіреттілігін оқыту жөнінде мектеп мұғалімдерімен байланысты күшейтсеңіздер

"Психология және арнайы білім" кафедрасының аға оқытушысы Қарас Қазиев: - Білім беру бағдарламалары қаралады, талқыланады. Бірақ 3-курс студенттерін әдістемені оқытпай, қыркүйекте неге практикаға жібереді? – деген сұрақ қойды.

А.Е.Чукуров:

- Кафедра меңгерушісі неге қадағаламайды? Ақмарал Өтепбергенқызы, жаңадан айтылған ұсыныстардың басшылыққа алып, осы табырыпты ауқымдырақ келесі кенесте көргіміз келеді.

Білімсіз маман дайындап, неге диплом береміз? Неге 1-курстан бастап сүйреп келеміз. Республика бойынша ең жоғарғы көрсеткіш көрсетіп отырған, Сүлеймен Димерел университеті.



Жалпы басқа мемлекеттер, соның ішінде финдер мұғалім дайындамайды, мықты маман дайындайды. Мықты биолог, мықты математик мысалы. Ал ол мұғалім болғысы келсе, өзі мұғалім дайындайтын курстан не басқа да білім срдасынан оқып, әдістемені үйреніп, сертификатын алып, мектепке барады, - деп дәл қазір өзі оқып жатқан курсы жөнінде ойымен бөлісті.

2-мәселе «Болашақ педагогтарды даярлаудың мазмұндық және құрылымдық компоненттері» баяндамасымен "Педагогика-лаборатория" кафедрасының меңгерушісі Жанзақова Шолпан Исағалиқызының ауырып қатуына байланысты келесі отырыста қаралу жөнінде айтты оқу-әдістемелік кеңес төрағасы.

Кеңес жұмысына қатысушылар бірауыздан қабылдады.

4-әртүрлі мәселелерде оқу-әдістемелік кеңес мүшесі Б.Т.Абыканова сөйледі. Ол Ғылыми кеңеске оқу құралдарын ұсыну үшін таныстырып, талдап өтті.

1. Физика және техникалық пәндер кафедрасының профессор -оқытушылары Имашев Г., Куанбаева Б.У., Тумышева А.А., Салыкбаева Ж. К. авторлығымен жазылған «Политехнические задачи при изучении курса физики» атты оқу құралына қатысты пікір. *Көлемі 7 баспа табақ.* Оқу құралының оқу-әдістемелік кеңеске ұсыну үшін барлық құжаттар бар. Оқу құралы антиплагиат жүйесінен өткен. Оң пікір білдірілген екі сын пікірлер бар. Оқу құралында политехникалық білім берудегі есеп шығарудың маңызы мен әдістерін қолдану мәселелері айтылды. Құралда политехникалық мазмұндағы есептердің физиканың қолданбалы тақырыптарына сәйкес іріктеу арқылы политехникалық білімді анықтау және дамыту әдістері қарастырылған. Қазіргі ғылымның дамуындағы басты бағыттар ақпараттық технология, энергетика, нанотехнология және экология молекула - кинетикалық теория мен электродинамика заңдарына негізделген. Құралда пәнаралық байланыс, дидактикалық ұстанымдар және әдіснамалық мәселелер ескерілген.

Қарастырып отырған оқу құралы студенттерге қажет, білім мекемелеріне көмекші дидактикалық материал болады деп есептейміз. Мұқабаның рәсімделуі талапқа сай.

Оқу құралын жарыққа шығару үшін қажетті барлық құжаттары талапқа сай рәсімделгенін.

2. Абыканова Б.Т., Васильева Э.Н., Кусаинов Г.М., Бекова Г.Т. авторлығымен жазылған «Коллективный способ обучения в понятиях и терминах: словарь-справочник» атты анықтамалық құралына қатысты пікір. *Көлемі 16 баспа табақ.* Анықтамалық нұсқаулықта жаңа дидактика, жаңа және жаңа педагогикалық технология ретінде белгілі ұжымдық оқыту әдісінің тұжырымдамалық және терминологиялық аппараты ұсынылған. Анықтамалық құрал оқырмандарға жүйелі түрде танысуға, ұжымдық-топтық-жұптық оқыту әдісінің теориясы мен практикасының негізгі ұғымдары мен категорияларын түсінуге және игеруге мүмкіндік береді, жаңа және жаңа педагогикалық технологияны игеруге көмектеседі. Педагогикалық жоғары оқу орындарында оқытын білім және ғылым саласының қызметкерлеріне ұсынылады. Оқу-әдістемелік құралын Оқу-әдістемелік кеңеске ұсыну үшін барлық құжаттар толық бар. Оң пікір білдірілген сын пікірлер (екі сын пікір) бар. Оқу-әдістемелік құрал антиплагиат жүйесінен өткен.

3. Дьяченко В.К., Кусаинов Г.М., Абыканова Б.Т., Садирбекова Д.К., Мырзагерейқызы Г., Салыкбаева Ж. авторлығымен жазылған «Жаңа және ең жаңа педагогикалық технология» атты оқу құралына қатысты пікір. *Көлемі 11 баспа табақ.* Оқу құралында педагогикалық технология ұғымының мәні, оны жаратылыстану-тарихи тәсілдеме арқылы жіктелуі қарастырылған, жаңа және ең жаңа педагогикалық технологияға көшу кезінде қолданылатын әдістемелер мен амалдар көрсетілген.

4. Дьяченко В.К., Кусаинов Г.М., Абыканова Б.Т., Садирбекова Д.К., Салыкбаева Ж., Мырзагерейқызы Г. авторлығымен жазылған «Новая и новейшая педагогическая технология» атты оқу-практикалық құралына қатысты пікір. *Көлемі 11 баспа табақ.* Оқу құралын Оқу-әдістемелік кеңеске ұсыну үшін барлық құжаттар бар. Оқу құрал құрылымы қисынды құрастырылып, талапқа сай жазылған. Оң пікір білдірілген сын пікірлер (екі сын пікір) бар. Әдістемелік құрал антиплагиат жүйесінен өткен, нәтижесі жақсы.



Бұл еңбектер қазақ және орыс тілдерінде шығарылайын деп тұр. Оқу құралы мазмұнды, ішкі бірлігі сақталған. Оқу құралдарын жарыққа шығару үшін қажетті барлық құжаттары талапқа сай рәсімделгенін ескере отырып, университеттің Ғылыми кеңесіне шығаруға ұсыныс береміз.

5. Абыканова Б.Т., Бекова Г.Т. және т.б. авторлығымен жазылған Педагогический словарь: Справочное пособие: 4-ші том. *Көлемі 23 баспа табақ.* Анықтамалық құралда педагогикалық лексиканың және онымен байланысты білім салаларының кең ауқымы ұсынылған: философия, дидактика, психология, акмеология, оқыту және тәрбиелеу әдістемесі, білім берудегі менеджмент, экономика және т. б. Педагогикалық жоғары оқу орындары мен университеттердің, колледждердің, ата-аналар қауымдастығының білім беру және ғылым саласындағы қызметкерлеріне арналған.

6. «Қаржы және есеп» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., э.ғ.к. Г.Т.Ахметова және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты Г.Ж. Жамбылованың «Economic analysis» (Экономикалық талдау) атты оқу құралына қатысты пікір. *Көлемі 13 баспа табақ.*

1. Оқу құралын Оқу-әдістемелік кеңеске ұсыну үшін барлық құжаттар бар.

2. Оқу құралы антиплагиат жүйесінен өткен.

3. Оң пікір білдірілген екі сын пікірлер бар.

«Economic analysis» (Экономикалық талдау) атты оқу құралында қазіргі кезде маңызды болып табылатын экономикалық жүйелерде қолданылатын талдау әдістемесі, пәні, экономикалық талдау әдістері, тәсілдері, сыныптамасы сонымен қатар кешенді және жүйелі талдау түсінігі, оларды экономикалық жүйелер қызметінде қолдану мүмкіндіктері, ішкі резервтер сыныптамасы, ішкі өндірістік резервтерді іздеу тәсілері, шешімдері резервтердің көлемін анықтауға мүмкіндік беретін есептер қарастырылған.

Бұл еңбек алғашқы рет ағылшын тілінде шығарылайын деп тұр. Оқу құралы мазмұнды, ішкі бірлігі сақталған.

7. «Қаржы және есеп» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., э.ғ.к. Г.Т.Ахметова және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты Г.Ж. Жамбылованың «Insurance» (Сақтандыру) атты оқу құралына қатысты пікір. *Көлемі 16.6 баспа табақ.*

1. Оқу құралын Оқу-әдістемелік кеңеске ұсыну үшін барлық құжаттар бар.

2. Оқу құралы антиплагиат жүйесінен өткен.

3. Кафеда мен факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің хаттамалары бар.

4. Оң пікір білдірілген екі сын пікірлер бар.

Қауымдастырылған профессор м.а., э.ғ.к. Г.Т.Ахметова және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты Г.Ж. Жамбылованың «Insurance» атты дайындаған еңбегінде қазіргі нарық жағдайдағы сақтандыру нарықтарын басқару механизмі қарастырылған.

Экономика және құқық факультетіндегі «Қаржы» мамандығының студенттеріне кәсіби оқылатын пәндері бойынша өте қажет құрал екендігін өз сөздерінде сын пікір берушілер Ж.У.Сулейменова мен А.А.Жалғасбаева мақұлдады.

«Insurance» атты оқу құралында қазіргі кезде маңызды болып табылатын сақтандыру компанияларының жұмыстары және оны ұйымдастыру принциптері, сақтандыру бизнесінің математикалық, құқықтық, қаржылық экономикалық негіздері, сондай-ақ қайта сақтандыру, ортақсақтандыру, кәсіпкерлік және қаржылық тәуекелдерді, азаматтық жауапкершілікті, мүлікті, жеке сақтандыру ерекшеліктері келтірілген. Бұл оқу құралында берілген мәліметтерді күнделікті дәріс сабақтарында қолдануға болады.

Оқу құралын жарыққа шығару үшін қажетті барлық құжаттары талапқа сай рәсімделгенін.

8. Өнертану ғылымдарының кандидаты Б.Ж.Тұрмағамбетованың ғылыми мектеп бойынша жетекшілігімен жарыққа шығатын 3-курс студенттері Ғаламат Тел мен Айза Қалиеваның «Домбырамен ән шырқайық» қосымша білім беру бағдарламасына көмекші оқу құралына қатысты пікір.

1. Кафеда мен факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің хаттамалары бар.

2. Оң пікір білдірілген екі сын пікірлер бар.



2020 жылдан «Музыка және өнер» кафедрасының ғылыми дәрежелі маманы өнертану ғылымдарының кандидаты Бақыт Жолдыбайқызы Тұрмағамбетова үш ғылыми мектепке жетекшілік етіп, жастарды ғылымға тәрбиелеп жүр. Бақыт Жолдыбайқызының биылғы жылы «Халық әні» мамандығының 3-курс студенттері Ғаламат Тел және Айза Қалиеваның табанды еңбектерінің нәтижесінде жиырма әннен тұратын жинағы дайындалды. Мұнда аға буын әншілердің, жастардың арасында танымал дәстүрлі әннің лауреаттарының суреттері де танымдылық үшін беріліп отыр. Әндердің өлеңі танымал, өнерге еңбегі сіңген қайраткерлердің срындауы бойынша бірізге түсіріліп, берілген. Сонымен бірге, оқушыға арналған ноталық сауаттан аздаған мағлұматтар берілді, жинақ соңында 4 парақты балаға қосымша ескертпелер үшін қалдырып отыр. Бұл жинақты алған оқушы басқа дәптерді, қосымша ақпарат жазатын өзге құралдарды қажет етпейді. Оқушы үшін ыңғайлы жағын қарастырған. Бақыт Жолдыбайқызының жетекшілік еткен бұл жобасы қазіргі қала, аудан мектептеріндегі оқушылар үшін маңызды деп санаймыз. Қарап отырсаңыз, бүгінге дейін батыс аймағының әндері бойынша бір де бір жинақ балалар үшін жарыққа шықпапты. Халық әні «Гүлдерайым», «Еркем-ай», «Ақерке», «Ақайша», халық термесі, Қазиханның әні «Ақсұр ат», т.б. жиырмаға жуық әндер нотаға түскен екен. Жалпы арнайы жоғары оқу орындарында да студенттердің мұндай кітапшалар шығаруы сирек құбылыс. Сонымен бірге жастардың бойында білімін коммерцияландыруға баулуды үйретеді. Тамаша еңбек.

Ұсыныс бірауыздан қабылданды.

Келесі әр түрлі мәселелер бойынша университет бойынша біліктілікті арттыру курстарының бағдарламаларын бекіту туралы болды. «Білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тьюторлық сүйемелдеу» біліктілігін арттыру курсының бағдарламасымен Нұрсұлу Темірболатқызы Иманғалиева таныстырды. Біліктілікті арттыру курсы жалпы педагогтарға арналған, курс ұзақтығы 72 сағаттан тұрады. Мақсаты – облыс көлеміндегі инклюзивті сыныптарындағы тьюторларға қосымша білім беру және практикалық-әдістемелік шеберліктерін дамыту. Бағдарлама авторы курстың күтілетін нәтижесін айта отырып, курстың ақылды екендігін де айтып өтті. Нұрсұлу Темірболатқызы оқу-әдістемелік кеңестен бекітуге ұсыныс сұрады.

Оқу-әдістемелік кеңес құрамы бекітуге бірауыздан мақұлдады.

Әр түрлі мәселелерде Менеджмент кафедрасының «Ұйымдарды басқару теориясы мен практикасының қазіргі мәселелері» ғылыми мектептің аясында ұсынылған «Конфликтология» тренинг орталығының бағдарламасымен Экономика және құқық факультетінің Эльмира Мизамғалиқызы Адиетова таныстырды. Бағдарламаның паспорты бойынша бағдарламаның атауы – «Ұйымдағы, мемлекеттік қызметтегі мүдделер мен нормативті-құқық аясындағы қақтығыстар, алдын-алу және шешу жолдары». Эльмира Мизамғалиқызы оқу-әдістемелік кеңестен бекітуге ұсыныс сұрады.

Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры м.а., кеңес төрағасы А.Е. Чукуров нақты медаторларды шақырыңыздар, практикаға енгізіңіздер деп ұсыныс айтты. Сонымен бірге Асхат Ералыұлы ОӘК құрамын КРІ құрамына енгіземіз деп құрам мүшелеріне үлкен стимул берді. Келесі кеңесте Журналист мен Азаматтық құқықтық пәндер кафедраларының даму жұмыстары жөнінде талқылауға ұсыныс айтамын.

Оқу-әдістемелік кеңес құрамы бекітуге бірауыздан мақұлдады.

Оқу-әдістемелік кеңесі шешім етеді:

1. Педагогикалық кадрларды даярлау мәселелері және оларды шешу жолдары жөнінде келесі кеңесте ауқымды мәселелермен, ұсыныстармен қайта тыңдалсын.
2. Педагогика-лаборатория кафедрасының жетекшісі Ш.И.Джанзакованың денсаулығына байланысты ОӘК қатыса алмағандықтан «Болашақ педагогтарды даярлаудың мазмұндық және құрылымдық компоненттері» келесі кеңесте тыңдалсын.



3. Төменде көрсетілген оқу құралдарын, оқу-әдістемелік құралдарын баспадан шығаруға рұқсат беруіңізді сұраймын:
- 3.1. Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті, «Физика және техникалық пәндер» кафедрасының профессор -оқытушылары Имашев Г., Куанбаева Б.У., Тумышева А.А., Салыкбаева Ж. К. авторлығымен жазылған «Политехнические задачи при изучении курса физики» атты оқу құралы;
- 3.2. Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті, «Физика және техникалық пәндер» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Абыканова Б.Т., аға оқытушы Бекова Г.Т., және Васильева Е.Н., Кусаинов Г.М. авторлығымен жазылған «Коллективный способ обучения в понятиях и терминах: словарь-справочник» атты анықтамалық құралы;
- 3.3. Дьяченко В.К., Кусаинов Г.М., Абыканова Б.Т., Садирбекова Д.К., Мырзагерейқызы Г., Салыкбаева Ж. авторлығымен жазылған «Жаңа және ең жаңа педагогикалық технология» атты оқу құралы;
- 3.4. Дьяченко В.К., Кусаинов Г.М., Абыканова Б.Т., Садирбекова Д.К., Салыкбаева Ж., Мырзагерейқызы Г. авторлығымен жазылған «Новая и новейшая педагогическая технология» атты оқу-практикалық құралы;
- 3.5. Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті, «Физика және техникалық пәндер» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Абыканова Б.Т., аға оқытушы Бекова Г.Т. және т.б. авторлығымен жазылған «Педагогический словарь: Справочное пособие: 4- том» атты анықтамалық құралы;
- 3.6. Экономика және құқық факультеті, «Қаржы және есеп» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., э.ғ.к. Г.Т.Ахметова және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты Г.Ж. Жамбылованың «Economic analysis» (Экономикалық талдау) атты оқу құралы;
- 3.7. Экономика және құқық факультеті, «Қаржы және есеп» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., э.ғ.к. Г.Т.Ахметова және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты Г.Ж. Жамбылованың «Insurgence» (Сақтандыру) атты оқу құралы;
- 3.8. Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, «Музыка және өнер» кафедрасының өнертану ғылымдарының кандидаты Б.Ж.Тұрмағамбетованың ғылыми мектеп бойынша жетекшілігімен жарыққа шығатын 3-курс студенттері Ғаламат Тел мен Айза Қалиеваның «Домбырамен ән шырқайық» қосымша білім беру бағдарламасына көмекші оқу құралы.
4. Біліктілікті арттыру курстарының бағдарламалары: «Білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тьюторлық сүйемелдеу» біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы және «Ұйымдағы, мемлекеттік қызметтегі мүдделер мен нормативті-құқық аясындағы қақтығыстар, алдын-алу және шешу жолдары» бекітілсін.
- 5.

Оқу-әдістемелік кеңесі шешімдерін құрам бірауыздан мақұлданды.

Оқу-әдістемелік кеңес төрағасы:  
Хатшы:



А.Чукуров  
Г.Нұрсұлтанова